



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 35 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2011 жылғы 28 қазан

**«Көшпенділер алтыны» монеталар сериясынан  
«Бұланның басы», «Қазақстанның қалалары»  
монеталар сериясынан «Қарағанды» ескерткіш  
монеталарын айналысқа шығару туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылғы 29 қазаннан бастап «Көшпенділер алтыны» монеталар сериясынан «proof» сапасымен жасалған номиналы 500 теңгелік «Бұланның басы» ескерткіш күміс монетасын және «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан номиналы 50 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған «Қарағанды» ескерткіш монетасын айналысқа шығарады.

«Бұланның басы» ескерткіш күміс монетасы дизайнында Қазақстан аумағындағы археологиялық қазбалар кезінде табылған алтын бұйымдар бейнелері пайдаланылатын «Көшпенділер алтыны» монеталар сериясының сегізінші монетасы болып табылады. Монета он екі қырлы нысанда жасалған және монета бетіне алтын жалату технологиясын қолдана отырып дайындалды.

Монетаның бет жағында (аверсінде) оң жақ бөлігінде екі жолға орналасқан және монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕНГЕ» деген жазу, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1 gr.» деген жазу бар. Сол жақ бөлігінде шауып келе жатқан төрт салт атты бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оған бедерлеп мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген сөздер жазылған. Жазулар нүктелермен бөлінген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде бұланның басы бейнеленген алтындатылған тоғаның бейнесі орналастырылған. Төменгі бөлігінде айналдыра мемлекеттік тілде «БҰЛАНЫҢ БАСЫ» және ағылшын тілінде «ELK'S HEAD» деген жазу, жоғарғы бөлігінде – спиральдің геральдикалық бейнеленуі. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оған бедерлеп мемлекеттік тілде «КӨШПЕНДІЛЕР АЛТЫНЫ», соғылған жылын білдіретін «2011» деген сан және ағылшын тілінде «THE GOLD OF NOMADS» деген жазу орналастырылған. Жазулар және сан нүктелермен бөлінген.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленіп жазылған.

Қыры (гурты) жылтыр, бедерсіз және жазусыз.

Монета сынамы 925 күмістен дайындалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61 мм, «proof» сапасымен дайындалған, таралымы - 5 мың дана.



Номиналы 50 теңгелік «нейзильбер» қоспасынан жасалған «Қарағанды» ескерткіш монетасы «Қазақстанның қалалары» сериясынан үшінші монета.

Монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕНГЕ» деген жазу орналасқан. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» аббревиатурасы орналасқан. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Қарағанды қаласының гербі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2011» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу және сан нүктелермен бөлінген.

Монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы суреттер және жазулар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, таралымы – 50 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік және 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.



Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалды.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Нейзильбер қоспасынан жасалған ескерткіш монеталардың бір мың данасы жақсартылған сапамен және сату үшін арнайы пластикалық термовакуумды ораумен шығарылған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:*  
+7 (727) 270- 46- 39, +7 (727) 270-46-54; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)